

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2016» атты
XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2016»

PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2016»

2016 жыл 14 сәуір
Астана

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2016»
атты XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2016»**

**PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2016»**

2016 жыл 14 сәуір

Астана

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

Ғ 96

Ғ96 «Ғылым және білім – 2016» атты студенттер мен жас ғалымдардың XI Халық. ғыл. конф. = XI Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2016» = The XI International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2016» . – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2016. – б. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-764-4

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

ISBN 978-9965-31-764-4

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2016

Қолданылған әдебиет

1. Шет тілдер сөздерінің сөздігі/И.В.Лехин мен Ф.Н.Петров ред. М.1955ж. 603б.
2. Баринова М.А., Максименко С.Т. Римдік жеке құқық/ЖОО арналған оқу құралы. «Әділетинформ ЖАҚ» 2006ж, сонд.қараңыз: Барон Ю. Римдік азаматтық құқық жүйесі. III шығ.IV кітап. Міндеттемелік құқық. СПб (электрон.ресурс.)// www.garant.ru. Дернбург Г. Пандектер. Міндеттемелік құқық. М. 1900ж. (электрон.ресурс)//www.garant.ru
3. Брагинский М.И., Витрянский В.В. Договорное право: Общие положения. – М.: Статут, 1997.
4. ҚазССР Азаматтық кодексі. 1963 ж. 28 желтоқсанында қабылданды. (Күшін жойды).
5. Идрышева С. Қазақстан Республикасының азаматтық құқығы: Оқу құралы. Астана: Фолиант, 2015.-248б.

УДК 347.191.1

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ ЗАҢДЫ ТҮЛҒАЛАРДЫҢ КЕЙБІР ЖЕКЕЛЕГЕН ТҮРЛЕРІНІҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Қуанышев Айбек Саматұлы

kuanishevskz@gmail.com

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ заң факультетінің 3-курс студенті. Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – А.Қ.Карибаева

Қазақстан Республикасындағы заңды тұлғалардың құқықтық мәселелеріне тоқтамас бұрын, жалпы ҚР заңды тұлға ретінде қандай мекемелерді таниды, олардың қандай түрлері бар екендігін, жіктелуін, қандай қызмет түрлерін атқаратындығын анықтап алған дұрыс. Қазақстан Республикасындағы заңды тұлға Азаматтық кодексте [1] ұйым ретінде сипатталған. Ал адамдардың кез келген ұйымы – бұл, алдымен, белгілі бір мақсатпен құрылған құбылыс болып табылады. Ал мақсат деген не ол? Бұл көптеген факторларға байланысты әр түрлі болуы мүмкін мүдделерді алдыға қою. Міне сондықтан да мақсаттардың түрленгіштігі осы тақырыпта сөз қозғалатын заңды тұлғалардың әр түрлерінің пайда болуына алғышарт болды. Біз, алдымен, «заңды тұлғалардың қандай түрлері бар?» және «заңды тұлғалардың жеке түрлерінің сипаттамалары қандай?» деген сұрақтарға жауап береміз.

ҚР Азаматтық кодексі заңды тұлғалардың келесідей негізгі түрлерін бөліп қарастырады:

1. Шаруашылық серіктестіктер мен қоғамдар:
 - Толық серіктестік (АК, 63-71 б.)
 - Сенім серіктестігі (АК, 72-76 б.)
 - Жауапкершілігі шектеулі серіктестік (АК, 76-83 б.)
 - Қосымша жауапкершілігі бар серіктестік(АК, 84 б.)
 - Акционерлік қоғам (АК, 85-93 б.)
 - Еншілес және тәуелді акционерлік қоғам (АК, 94-95 б.)
2. Өндірістік кооператив(АК, 96-101 б.)
3. Мемлекеттік кәсіпорын (АК, 102-104 б.)
4. Коммерциялық емес ұйымдар:
 - ❖ Мекеме (АК, 105-бап.)
 - ❖ Қоғамдық бірлестіктер (АК, 106-бап.)

- ❖ Қор (АК, 107-бап.)
- ❖ Тұтыну кооперативі (АК, 108-бап.)
- ❖ Діни бірлестік (АК, 109-бап.)
- ❖ Жеке кәсіпкерлердің және (немесе) заңды тұлғалардың қауымдастық (одақ) нысанындағы бірлестігі (АК, 110-бап.)

Ал енді тақырыбымызға сай, заңды тұлғалардың түрлерге бөлудің негіздеріне қатысты құқықтық мәселелеріне тоқталып кетсек.

Байқағанымыздай, азаматтық заңнама заңды тұлғаларды 4 негізгі түрге бөледі. Ал азаматтық ғылымда оларды келесідей критерийлер бойынша жіктейді:

1. Меншік нысаны
2. Қызмет ету мақсаты
3. Құрылтайшылар құрамы
4. Қатысушыларының құқықтарының сипаты
5. Заңды тұлғаның мүліктік құқықтарының көлемі
6. Құрылтай құжаттарының құрамы

Бірінші критерийге байланысты, яғни меншік нысаны бойынша, заңды тұлғаларды жеке және мемлекеттік болып бөледі. Бұл бөлінуден мемлекеттік заңды тұлғалардың жалпымемлекеттік мақсаттарды алдыға қоятындығы, ал жеке заңды тұлғалардың жеке өздерінің мақсаттарын алдыға қоятындығы анық көрінеді. Бұған байланысты заңды тұлғалардың құқықтық мәселесі, біздің ойымызша, мемлекеттің жеке заңды тұлғалардың жеке мақсаттарға ұмтылатындықтарына қарамастан, олардың тіркелуі мен өз қызметтерін атқаруға кедергі болатын заңи деңгейде кейбір шектеулер қоюдан көрініс табады.

Мысал ретінде, заңды тұлғалардың атауы өзгерген кезде олардың қайта тіркеуден өтуі немесе заңды тұлғалардың мүлкін мемлекеттік меншікке алуды айтуға болады. Бірінші құқықтық мәселеге қатысты атап кететін мән-жай, Азаматтық кодекстің 42-бабының 6-тармағына сәйкес, заңды тұлға өз атауын өзгерткен жағдайда қайта тіркелуден өтуі тиіс.

Сонымен қатар, олардың өз атауын өзгертуімен байланысты құрылтай құжаттарына енгізілетін өзгерістер заңды тұлға қайта тіркеуді өтпейінше жарамсыз болып табылады. Бұл орайда, біздің пікірімізше, бұл рәсім көп уақытты алады, және қайта тіркеу кезінде жіберілуі мүмкін қателіктер қаупі бар, сондықтан, біз бұл рәсімге келесідей өзгерістер енгізуді ұсынамыз:

- Заңды тұлғалар өз атауын өзгерте отырып, қайта тіркеуден өтпей-ақ, тек құрылтай құжаттарына өзгеріс енгізуі тиіс;
- Құрылтай құжатына енгізілген бұл өзгеріс жөнінде әділет органдарын мәлім етуі және әділет органдары өз құзіреті шегінде тексеріс жүргізе отырып, заңды тұлғаның өзгертілген атын бекітуі тиіс.

Енді заңды тұлғаларға қатысты екінші құқықтық мәселеге тоқталсақ, заңды тұлғалардың мүліктері кейбір заңда анықталған жағдайларда мемлекеттік меншікке өтеді. Оның тәртібі ҚР «Мемлекеттік мүлік туралы» 01.03.2011 жылғы заңында айқындалған[2]. Осы заңның 21-бабында «Мемлекеттік заңды тұлғалардың өндірістік-шаруашылық қызмет нәтижесінде немесе Қазақстан Республикасының заңдарында тыйым салынбаған өзге де негіздер бойынша мүлікті сатып алуы мемлекеттің осы мүлікке құқыққа ие болуына және оны мемлекеттік мүлікке жатқызуға негіз болып табылады» деп мәлімделген.

Бұл мәселеге қатысты атап кететін мән-жай, егер де мемлекеттік заңды тұлға мүлікті сатып алған жағдайда, сатып алынған мүлік сол мемлекеттік заңды тұлғаның меншігінде қалуы тиіс, ал мемлекетте тек сол мүлікке билік ету құқығы берілуі тиіс. Яғни, мемлекеттік заңды тұлға өзі сатып алған мүлікті өз қалауынша пайдаланып және оған ие болу құқығын жүзеге асырса, ал мемлекет сол сатып алынған мүліктің пайдаланылу мақсаттары мен мемлекеттік заңды тұлғаның осы мүлікке иелік етуіне қадағалау жасап отыру қажет.

Заңды тұлғаларды бөлудің келесі критерийі қызмет ету мақсаттары. Қызмет ету мақсаттары бойынша заңды тұлғаларды коммерциялық және коммерциялық деп бөледі. Коммерциялық заңды тұлғалар өз алдына табыс алу және оны қатысушылары арасында бөлу мақсатын қояды. Коммерциялық емес заңды тұлғалар табыс табудан басқа мақсаттарды өз алдына қояды, бірақ олар табыс табу мақсатындағы кәсіпкерлік қызмет етуге де құқылы. Түскен табысты қатысушылары арасында бөлуге құқылы емес. Бұл орайда, осы заңды тұлғалардың қызмет етуі келесідей заңдар арқылы реттеледі:

- ҚР «Акционерлік қоғамдар туралы» 13.05.2003 жылғы заңы
- ҚР «Кәсіптік одақтар туралы» 27.06.2014 жылғы заңы
- ҚР «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» 11.10.2011 жылғы заңы
- ҚР «Қоғамдық бірлестіктер туралы» 31.05.1996 жылғы заңы.

Бұл жіктелуге қатысты заңды тұлғалардың, оның ішінде акционерлік қоғамдардың келесідей құқықтық мәселелері бар: меншік мәселесі, акция шығарылымдарын тіркеу мәселесі.

Қазіргі таңда қызмет ететін ұйымдардың көпшілігі акционерлік қоғамдар ретінде тіршілік етуде. Ірі кәсіпорындардың көпшілігі акционерлік қоғамдар болып табылады. ҚР заңнамасы акционерлік қоғамдар өз қызметтерін жүзеге асыру барысында өзге ұйымдастырушылық-құқықтық нысандағы ұйымдарға қарағанда көптеген кедергілерге тап болатындай болып құрастырылған.

Акционерлік қоғамның өзге ұйымдастырушылық-құқықтық нысандардан негізгі айырмашылығы акционерлік қоғамдардың «құрылтайшыларының (жалғыз құрылтайшының) акцияларды олардың нақтылы құны бойынша және инвесторлардың осы Заңда белгіленген талаптарға сәйкес айқындалатын орналастыру бағалары бойынша төлеуі арқылы қалыптастырылатын» жарғылық капиталының болуында[3]. Бұл ҚР «Акционерлік қоғамдар туралы» заңының 11-бабының 1-тармағында жазылған анықтама. Құқықтардың бірдей көлемін беруші және үйлестірудің бірыңғай талаптарына ие акциялардың жиынтығы заңда белгіленген тәртіпте тіркелетін акциялардың шығарылымын құрайды. Акционерлік қоғам акционерлер тізілімінде, кейбір белгіленген жағдайларда мамандандырылған тіркеуші-фирмалардың көмегіне жүгіне отырып, акциялардың арнайы есебін жүргізуге міндетті.

Осыған орай, акционерлік қоғамдардың бірінші құқықтық мәселесі – бұл акция шығарылымдарын тіркеудегі тап болатын кедергілер. Акциялар шығарылымы шартты түрде үш негізгі категорияға бөлуге болады: акционерлік қоғамды құру(қайта құру) кезіндегі акциялар шығарылымы, қосымша акциялардың шығарылымы және өзге бағалы қағаздарды немесе акциялардың басқа түрлерін айырбастау жолымен жүзеге асырылатын акциялардың анықталған түрлерінің шығарылымы.

Акциялардың барлық шығарылымдары және бұл шығарылымдар туралы есеп берулер уәкілетті мемлекеттік органдарда тіркелуі міндетті. Неліктен акциялар шығарылымын тіркеу міндетті болып табылады? Біріншіден, заңнаманың талабы осындай: акционерлік қоғамның тіркелуінен соң бір ай мерзім ішінде және өзге де жағдайларда 3 ай мерзім ішінде акциялар шығарылымдарын тіркеу қажет.

Екіншіден, акционер оған тиесілі акциялардың толыққанды меншік иесі болып тек осы акциялар шығарылымының мемлекеттік тіркелуінен кейін ғана табылады. Бұл жерде акционер өз акцияларына тек акциялар шығарылымының қорытындылары туралы есеп берудің тіркелу уақытынан бастап қана билік ете алады. Өзге елдердің бұл мәселені заңнамалық деңгейде реттеуімен салыстыратын болсақ, Ресей Федерациясының « Бағалы қағаздар нарығындағы инвесторлардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау туралы» 1999 жылғы 11 наурыздағы заңына сәйкес, акционер өз акцияларына акциялар шығарылымының мемлекеттік тіркелуінен кейін билік ете алады.

Үшіншіден, акциялардың барлық шығарылымдарының мемлекеттік тіркеуіне және олардың шығарылымдарының қорытындылары туралы есеп беруге дейін қоғам өзінің жарғылық капиталының көлемін өзгертуге немесе өзінің жарғылық капиталының құрылымын қандай да болмасын әдіспен өзгертуге құқылы емес.

Осыдан 13 жыл бұрын қабылданған акционерлік қоғамдар туралы заңнама өзінің қызмет ету уақытында көптеген өзгертулерге ұшырады. Осыған байланысты көптеген акционерлік қоғамдарда автоматты түрде кедергілер мен кейбір мәселелер туындады.

Мысалы, акционерлік қоғам 1997 жылы акциялардың кесімді құнын үлкейту арқылы өзінің жарғылық капиталының көлемін ұлғайтуды шешті. Сол уақытта әрекет еткен заңнамаға сәйкес жарғылық капиталдың мұндай ұлғайтылуы акциялардың шығарылымы ретінде танылған жоқ, және, осыған орай, арнайы тіркелімді қажет етпеді.

Қазіргі таңда жарғылық капиталдың мұндай ұлғайтылуы өздеріндегі кесімді құны төмен акцияларды айырбастау нәтижесінде пайда болған кесімді құны жоғары акциялардың шығарылымы ретінде танылады және тіркелуді талап етеді.

Бұл жерде бір мәселе туындайды: шығарылым болып табылатынды тіркеуге болады, бірақ азаматтық заңнаманың актілері уақыттағы кері күшке ие емес, және, осыған орай, 1997 жылы жасалған жарғылық капиталды ұлғайтуды акциялары шығарылымы деп тануға жатпайды – яғни, бұл тіркейтін ештеңенің жоқ екендігін білдіреді. Бұл жерде, акционерге өз акцияларын сатып жіберуге де болмайды: сатылайын деп жатқан акциялардың кесімді құны тіркелген мәліметтерге сай келмейді.

Өкінішке орай, бұл мәселе және бағалы қағаздар туралы «ескі» мен «жаңа» заңнамалардың қарама-қайшылықтарынан туындаған өзге де мәселелер секілді өзінің шешімдерін әлі күнге дейін тапқан жоқ.

Акционерлік қоғамдардың, заңды тұлғаның бір нысаны ретінде, өздерінің қызметтерін жүзеге асыру кезіндегі туындайтын мәселелерінің бірі акционерлік қоғамдағы меншік мәселесі болып табылады. Бұл мәселе акциялар шығарылымының тіркелуден уақытылы өтпеуі немесе оның қоғамдағы дұрыс жүргізілмеуінің салдарынан орын алып отыр.

Жоғарыда айтылғандай, сәйкес акциялардың шығарылымы тіркелген уақыттан бастап акционер акцияларды иеліктен шығару(оның ішінде сату) құқығына ие болады, яғни акциялардың толыққанды меншік иесі болады, ал шығарылымы тіркелген акциялардың жаңа иесі акционерлік қоғамның тізілімінде сәйкес жазба жасалған уақыттан бастап бұл акциялардың меншік иесі болады.

Мәселен, акционер акционерлік қоғамды тіркеген уақытта оған берілген акцияларды ұстаушы болып табылады және ол өзінің акцияларын сәйкес акциялардың шығарылымы тіркелгенге дейін сату туралы шартқа отырды. Заң бойынша, мұндай мәміле оны жасаған уақыттан бастап жарамсыз, акциялар бұрынғы иесіне қайтарылуы тиіс, ал акция үшін берілген ақша немесе өзге де мүлік акцияны сатып алушыға қайтарылуы тиіс.

Акцияны сатып алушы, ештеңеден күдіктенбей, акционерлердік жиналысына қатысады, дивиденттер алады, акционер ретінде өзге де құқықтарды пайдаланады. Негізінен, «алдыңғы» акционерді – акцияларды сатушыны тауып, екіжақты келісім болса онымен мәмілені бұзып, мәмілені қайтадан жасау қажет(акциялар шығарылымы тіркелген жағдайда ғана). Бірақ кейде «ескі» акционерды табу мүмкін болмайды – ол тұрғылықты жерін өзгертті немесе қайтыс болды немесе т.б. Бұндай жағдайда не істеу қажет? Акцияларды сатып алушы меншік иесі болып табылмайды, ал нағыз меншік иесін табу мүмкін емес. Жалпы, мұндай «иесіз» мүліктің меншік иесі мемлекет болуы тиіс, бірақ көп жағдайларда бұл акционерлік қоғаммен де, мемлекеттің өзімен де құпталмайды.

Мәселе мұндай акцияларды сатып алушылардың қатысуымен өткен акционерлер жиналыстарының шешімдері, егер мұндай сатып алушылардың саны басым болса, жарамсыз болып танылуы мүмкін. Негізінен, қоғамның бас директоры жиналыспен тағайындалады және оны тағайындау туралы шешім де жарамсыз болып танылуы мүмкін. Осылайша, қоғам басқарусыз қалуы мүмкін.

Мұндай мәселелер әзірше нақты шешімін тапқан жоқ және осыған байланысты кейбір істер сот тәртібімен шешілуде. Бұл мәселеге қатысты өз шешімімізді ұсынсақ: бұл орайда акцияларды иеліктен шығару немесе сату барысында сатып алушы сатушыға және акциялардың соңғы шығарылымына қатысты барлық мәліметтерді сатушының («алдыңғы акционердің») өзінен талап етуі тиіс және заң жүзінде бұл әрекетке қадағалау күшейтілуі

тиіс, себебі бұл екі субъект арасындағы қатынастың реттелуі толықтай акционерлік қоғамның тағдырын шешуі мүмкін, сонымен қатар заң шығарушы тарапынан қатаң бақылаудың жүргізілуі кейінгі сот талқылауына кететін шығындар болуының алдын алудың бірден бір әдісі болып табылады.

Жалпы, біздің қарастырған бұл құқықтық мәселеміз заңды тұлғаның негізгі түрлерінің бірі акционерлік қоғаммен байланысты, ендігі кезекте заңды тұлғалардың жіктелуінің келесі критерийлеріне тоқталар болсақ.

- Құрылтайшылар құрамына байланысты:
 - қатысушылары тек заңды тұлғалар бола алатын;
 - мемлекет құрған;
 - қатысушылары құқықтың кез келген субъектісі бола алатын заңды тұлғалар.
- Қатысушыларының құқықтарының сипатына байланысты:
 - қатысушылары міндеттемелік құқықтарға ие;
 - қатысушылары меншік құқығына немесе мүліктік құқықтарға ие;
 - құрылтайшылары ешқандай құқықтарға ие емес заңды тұлғалар.
- Мүліктік құқықтардың көлеміне байланысты:
 - Мүлікке меншік құқығына ие;
 - Мүлікпен жедел басқару құқығына ие;
 - Мүлікте шарушылық жүргізу құқығына ие заңды тұлғалар.
- Құрылтай құжаттарының құрамына байланысты:
 - Жарғылық
 - Шартты
 - Жарғылық-шартты заңды тұлғалар.

Заңды тұлғаларды жіктеуді қорытындылай отырып, оларды мұндай критерийлер бойынша классификациялау түбегейлі емес, себебі заңды тұлғалардың жеке түрлерін түрлі категорияларға бөліп қарастыруға мүмкіндік беретін критерийлер табылуы мүмкін, бірақ бұл жіктелу көп таралған болып табылады, оның көмегімен ұсынылған ақпаратты тез зерттеу мен алдағы уақыттағы зерттеулер жүргізуге дұрыс бағыт табуға септігін тигізеді.

Осы орайда неліктен заңды тұлғалардың құқықтық мәселелерін оларды классификациялау әдісі арқылы зерттеуді жөн көрдім? Себебі заңды тұлғаларды жіктей отырып, біз олардың әр түрінің өз қызметін жүзеге асыру барысында тап болатын құқықтық мәселелерін қарастыра аламыз және бұл тақырыпты тек жалпы «заңды тұлға» ұғымының аясында қарастыруға ғана емес, заңды тұлғаның жеке түрлеріне тоқтала отырып тақырыпты тереңдетіп зерттеуге мүмкіндік береді.

Жалпы, «заңды тұлғалардың құқықтық мәселелері» тақырыбы өте ауқымды болып табылады және оны толыққанды қамту бір реферат көлеміне сыйымсыз болып келеді, сол себепті мен өз зерттеуімнің қорытындысы ретінде заңды тұлғалардың құқықтық мәселелерін зерттеуде «заңды тұлғаларды классификациялау» әдісін қолдануды ұсынамын.

Қолданылған әдебиет:

1. ҚР 1994 жылғы 27 желтоқсанда қолданысқа енгізілген Азаматтық кодексі
2. ҚР «Мемлекеттік мүлік туралы» 01.03.2011 жылғы Заңы
3. ҚР «Акционерлік қоғамдар туралы» 13.05.2003 жылғы Заңы